

**ҚР АШМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК**  
**Алматы филиалының Панфилов өндірістік учаскесі бойынша**  
**2017 жылдың жылдық есебі.**

2018 жылдың 12 сәуірінде сағат 15<sup>00</sup>-де, мекен-жайы: Алматы облысы Панфилов ауданы Жаркент қаласы Головацкий көшесі № 290, орналасқан ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстар комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Алматы филиалының Панфилов өндірістік учаскесі жылдық есеп бойынша шаруа қожалықтарына және мүдделі тараптарға 2017 жылғы аудандағы суармалы суды су пайдаланушыларға берілуі туралы тыңдау өткізілді.

Отырыстың төрағасы белгіленіп, Панфилов өндірістік учаскесінің бастығының уақытша міндетін атқарушы өзі жиналысты ашты. Тыңдауға қатысып отырған адамдарға жиналыстың мақсатын, күн тәртібін оқып және тыңдаудың ережелерін ұсынды.

Панфилов өндірістік учаскесінің бастығының уақытша міндетін атқарушы Ю.М. Беширов 2017 жылғы кәсіпорынның қызметі және суармалы суды тиімді пайдалану туралы баяндамасын оқыды.

Панфилов өндірістік учаскесінің бастығының уақытша міндетін атқарушы сөзінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 150 бұйрығымен бекітілген «Тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы жыл сайынғы есепті өткізу ережелерінің» 13-тармағына сәйкес ақпарат қамтылған.

Панфилов өндірістік учаскесі ҚР АШМ СРК «Қазсушар» ШЖҚ РМК Алматы филиалының құрымдылық бөлімшесі болып табылады. Кәсіпорынның негізгі басты міндеті, уақытында сапалы түрде суармалы суды аудандағы су пайдаланушыларға жеткізіп беру.

Панфилов ауданның суармалы жерінің жалпы аумағы **56 707 га** құрайды, оның ішінде Панфилов өндірістік учаскесіне – **49 415 га** бекітілген. Суармалы жер көлемі - **49 061 га**, оның ішінде Панфилов өндірістік учаскесі – **41 470 га** қызмет көрсетеді. Жалпы каналдардың ұзындығы **1473,75 км**, оның ішінде Панфилов өндірістік учаскесінің теңгерімінде **287,25 км**. (тариф бойынша **152,763 км**). Гидротехникалық құрылыстар – 213 дана (тариф бойынша), гидробекеттер – 99 дана (тариф бойынша).

Панфилов өндірістік учаскесі 2017 жылы үш тариф бойынша қызмет көрсетті. 01.09.2016 - 31.03.2017ж. дейін **0,210 тг/м<sup>3</sup>**, 01.04.2017-31.05.2017ж. дейін **0,275 тг/м<sup>3</sup>**, 01.06.2017-30.06.2018ж дейін **0,266 тг/м<sup>3</sup>** тарифтармен суармалы су берілді. 2017 жылдың бірінші сәуірден бастап, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 20.02.2017 ж. №39-НҚ бұйрығы бойынша тарифтің шекті деңгейімен қызмет көрсетуде.

Панфилов өндірістік учаскесі №KZ79VTE00001098 17.08.2017 жылы «ҚР АШМ суды қорғау және пайдалануды реттеу Балхаш-Алакөл бассейн инспекциясынан» алынған арнайы су пайдалануға рұқсаты бойынша тұтынушыларды суармалы сумен қамтамасыз етеді.

24.11.2017ж., №191-НҚ бұйрығымен Панфилов өндірістік учаскесі бойынша суды арналар арқылы беру қызметіне түзетулерді ескере отырып, тарифтік сметасы бекітілген, **0,275 тенге/м<sup>3</sup>** (ККС қоспағанда) тарифімен.

- Панфилов өндірістік учаскесінің 2017 жылға Инвестициялық бағдарламасы №49 15.02.2018ж. ҚР АШМ Су ресурстары бойынша комитетімен және №32-НҚ 09.02.2018ж. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің бірлескен бұйрығы бойынша бекітілген. Панфилов өндірістік учаскесі 2017 жылға теңгеріміндегі негізгі құралдардың амортизациялық шығыны

**31 161,030** мың тенге құрады. Инвестициялық бағдарлама осы амортизациялық шығын көлеміне сәйкес жобаланған:

1. «Мопед Racer RC50 Alpha» - 8 дана, 1 960,0мың теңге;
2. «Жеңіл автокөлігі Ваз 21214» – 2 856,7 мың теңге;
3. «Ұрғыш балға» - 78,00 мың теңге;
4. «Күн-сәулелікмодуль» - 3 дана – 555,00 мың теңге;
5. «Сымсыз Модем TP-Link желі жабдығы» - 5 дана, 52,45 мың теңге;

Инвестициялық бағдарламада жоспарланған Фронталды жүктіегіш - 1 дана - 14 218,75 мың теңге; Экскаватор - 1 дана - 7 767,43 мың теңге нарықтағы баға көтеріліп кеткендіктен 2018 жылы сатып алынады.

РМК "Мемлекеттік сараптаманың" № 08-01-01/0388 24.08.2017 жылғы хатына сәйкес Аяқ-Құншан магистралды каналы күрделі жөндеу жұмыстарының Жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеу - 2 615,84 мың теңгені құрап 2018 жылы сараптамадан өтеді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша Панфилов өндірістік учаскесінің инвестициялық бағдарламасы 100 % орындалды.

- 2017 жылдың қорытындысы бойынша Панфилов өндірістік учаскесінде суды уақытылы және толық көлемде жеткізіп беру қызметінің табысы **101 662,116** мың теңгені құрайды, ал толық қажетті шығындарға **103 338,73** мың теңге қаражат жұмсалды. Және **1 676,61** мың теңге шығынға батты, себебі уақытша өтемақы тағайындалған болған.
- Панфилов өндірістік учаскесі бойынша 2017 жылы келісім шартқа отырғандардың саны - **3 035** ш.ж. Жеткізілген суармалы судың көлемі **379 297,84** мың м<sup>3</sup>, бұл жоспарланған көлемнің 100% құрайды.
- 2017 жылдың қорытындысы бойынша аудандағы шаруа қожалықтардың Панфилов учаскесінің алдында дебиторлық қарызы жоқ.
- Бүгінгі таңда, жанар-жағар май, тыңайтқыш, жерді жырту, өнімді жинау қызметтердің құны неше есе қымбаттағанымен, ауыл шаруашылық дақылдарына су жеткізіп беру қызметінің тарифі, өнімнің өзіндік құны үлесінде су жеткізіп беру шығындарының үлесі өте төмен екендігін атап өтуіміз керек.

Суды арналар арқылы шаруа қожалықтарына уақытылы және толық қанды жеткізіп беру үшін тарифтік сметада толық қажетті шығындар қарастырылған.

Тарифтік смета шығынының **103338,73** мың теңге есебін жіктеп берейін:

Панфилов өндірістік учаскесінің тауарларды өндіруге және қызметтер ұсынуға кеткен шығындары **79 550,01** мың теңгені құрайды, оның ішінде:

1. Материалдық шығындар **19 636,18** мың теңге жұмсалды, оның ішінде: жанар-жағар майға – **10 260,14** мың теңге; шикізат пен құрлыс-материалдары - **1 567,46** мың теңге; қосалқы бөлшектерге – **6 807,3** мың теңге; электроэнергия шығындарын өтеуге – **1 001,28** мың теңге жұмсалды.
2. Барлық гидротехникалық құрылғылардың сапалы және бүтін болуына, суды уақытысында және тиімді беріп отыруға персоналдың бекітілген нормативтік саны тариф бойынша **27** адам жұмыс істеуде. Орташа айлық жалақы көлемі **120 904,50** теңгені құрайды. Алматы облысында статистика есебі бойынша орташа айлық жалақы (2017 жылғы ақпан айында) **137 331** теңгені құрайды. Панфилов өндірістік учаскесінің жылдық жалақы қоры **38 645,2** мың теңге (Өндірістік персонал – 23 456,67; Әкімшілік персонал – 15 188,53), оның ішінде социалдық салық және төлем – 3 448,46 мың теңге (Өндірістік персонал – 2 089,11; Әкімшілік персонал – 1 359,35); міндетті медициналық сақтандыру – **193,98** мың теңге (Өндірістік персонал – 121,85; Әкімшілік персонал – 72,13) құрайды.
3. Амортизация аударымдар – **31 161,03** мың теңгені құрайды.
4. Басқа шығындары – **5 296,13** мың теңгені құрайды, оның ішінде: автокөліктің техникалық байқауына – 63,0 мың теңге; автокөлікті міндетті түрде сақтандыруына – 315,68 мың теңге; техникалық қауіпсіздік пен еңбекті

қорғауға – 136,52 мың теңге; байланыс қызметінің шығындарын өтеуге - 1 349,35 мың теңге; іс-сапар шығындары - 2 728,77 мың теңге; гидро бекеттерді аттестациядан өткізу - 123,1 мың теңге; шеттегі ұйымдар мен өндіріспен айналысатын тұлғалар шығыны - 579,71 мың теңге, оның ішіне: газ және оттегі балондарды толтыру, жүк көлігімен автокранды тасмалдау шығындары кіреді.

5. Салықтар мен алымдарға – 4 670,83 мың теңге, оның ішіне кіретін: су ресурстарын пайдаланғаны үшін төленетін төлемақы – 4 058,01 мың теңге (Алматы облыстық маслихаты бекіткен төлемақы ставкасы **0,92 тиын/текше метр**); қоршаған ортаны ластаған үшін төленетін төлемақы –108,91мың теңге; мүлік, жер, көлік салықтарды өтеу үшін – 503,91мың теңге.
6. Басқа шығындары – 3 929,36 мың теңгені құрайды, оның ішінде: кеңсе тауарларына – 1206,43 мың теңге; бұқаралық ақпарат құралдарын жариялауға – 129,55 мың теңге; банктік қызметтерге - 502,27 мың теңге; кадрларды дайындау және олардың біліктілігін жоғарылату - 1 125,87 мың теңге; офистік техниканы ұстау - 664,84 мың теңге; шеттегі ұйымдар мен өндіріспен айналысатын тұлғалар шығыны (әкімшілік шығындары) - 215,0 мың теңге, оның ішіне: вирусқа қарсы программаны орнату және мемлекеттік баж шығындары кіреді.
- 2017 жылы Панфилов өндірістік учаскесінде шаруа қожалықтарына суды үзіліссіз беру үшін, механикалық тазалау жұмыстары, каналдарды әр жерден бетондау жұмыстары және де гидро бекеттерді әктеу және сырлау жұмыстары жүргізілді. Ал, 2018 жылы жоспар бойынша Аяқ-Құншан магистралды каналына күрделі жөндеу жұмысы, су тасқынына қарсы іс-шаралар, каналдарды әр жерден бетондау жұмыстары жүргізіледі.
- Ағымдағы жылда 01 сәуір айынан бастап, жұмысшылардың еңбек ақысы 7%-ға көтеріледі.
- 20.02.2017ж. №39-нқ бұйрығы бойынша 2018 жылдын 1 сәуірінен бастап, Панфилов өндірістік учаскесінің тарифі **0,288** тг/м3(ҚКС-ыз) құрайды.

Панфилов ӨУ басшысының у.к.а.



Беширов Ю.М